



"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 маусым N 814

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының

Z970098_

Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының
Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. "Мемлекеттік статистика туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Z970098_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-құжат; 2001 жылғы 2 ақпанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының валюталық реттеу мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Z010154_ Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Кіріспеде "орталық атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 1 және 2 баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Заң, меншік нысандары мен ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасының барлық заңды тұлғаларына, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне, Қазақстан Республикасы аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне (бұдан әрі - заңды тұлғалар), сондай-ақ жеке тұлғаларға қолданылады әрі Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық (бұдан әрі - әлеуметтік-экономикалық) салаларында болып жатқан құбылыстар мен процестер туралы статистикалық деректер жинаудың, өңдеудің және таратудың негізгі принциптерін айқындайды.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

мемлекеттік статистика - мемлекеттік статистика органдары құрайтын бірыңғай статистикалық жүйе;

статистикалық байқау - әлеуметтік-экономикалық өмірдің құбылыстары мен процестері туралы деректерді алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша тіркеу жолымен жоспарлы түрде ғылыми ұйымдастырып жинау. Мемлекеттік статистикалық байқау жалпымемлекеттік және ведомстволық байқаудан тұрады;

жалпымемлекеттік статистикалық байқау - уәкілетті орган жүргізетін байқау;

ведомстволық статистикалық байқау - мемлекеттік органдар жүргізетін байқау;

мемлекеттік статистикалық байқаудың тұрпаттары - мемлекеттік статистикалық есептілік беру және арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқау;

мемлекеттік статистикалық есептілік - жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқау, бұл ретте заңды және жеке тұлғалар хабарланатын мәліметтердің берілуі мен растығына жауапты адамдар қол қойған есептерді статистика органдарына белгіленген тәртіппен ұсынады;

арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқау - жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқау, бұл ретте бастапқы статистикалық ақпаратты жинау берілген есептер негізінде емес, басқа тәсілдермен жүзеге асырылады. Бастапқы статистикалық ақпаратты жинау тәсілі бойынша сауалдамалық, мәлімдемелік, корреспонденттік және инспекциялық бақылау, есепке алу және санақ жүргізу болып бөлінеді;

статистикалық байқау бағдарламасы - байқау жүргізудің мақсаты мен міндеттері, деректер жинау жүзеге асырылатын көрсеткіштердің (сұрақтардың) тізбесі, оларды

есептеп шығарудың нысан, сұрақтама, сауалдама, санақ парағы, есепке алу мөрқағазы және басқа (бұдан әрі - статистикалық нысандар) түрінде ұсынылатын әдістемесі және статистикалық байқау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар;

уәкілетті орган - мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асырушы өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын орталық атқарушы орган;

статистикалық қызмет - қоғамдағы жаппай сипаты бар құбылыстар туралы сандық деректерді статистикалық стандарттар негізінде жинаумен, өңдеумен және таратумен б а й л а н ы с т ы қ ы з м е т ;

тарату - құпия емес статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың ол ақпаратты пайдалануының нысандары мен құралдарына қарамастан оған қол жеткізуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

Статистикалық жұмыстар жоспары - Мемлекеттік статистиканы жетілдіру бағдарламасы негізінде әзірленген уәкілетті орган ұйымдастыратын мемлекеттік статистикалық байқау мен басқа да статистикалық жұмыстардың толық тізбесі;

бастапқы статистикалық ақпарат - статистикалық байқау жүргізген кезде мемлекеттік статистика органы статистикалық мақсаттарда пайдалану үшін ұсынған нақты заңды немесе жеке тұлға туралы деректер."

3 . 3 - б а п т а :

үшінші және төртінші бөлімдер мынадай редакцияда жазылсын:

"Статистика саласындағы мемлекеттік саясат әдіснамалық тұтастық және орталықтандыру, яғни мемлекеттік органдардың статистикалық қызметін уәкілетті органның үйлестіруі әрі жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың ведомстволықтан басым болуы принциптеріне негізделеді.

Заңды тұлғалардың және заңдарда белгіленген жағдайларда жеке тұлғалардың бастапқы статистикалық ақпаратты беруі міндетті болып табылады әрі өтеусіз негізде жү з е г е а с ы р ы л а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Мемлекеттік статистикалық байқаулардың жалпы санын Қазақстан Республикасының Үкіметі Статистикалық жұмыстар жоспарын жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептің нысандарының тізбелерін бекіту жолымен бақылайды. Мемлекеттік статистикалық есепті уәкілетті орган мен басқа да мемлекеттік органдар бөлінген қаржы шегінде жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық есеп нысандарының тізбесі бойынша жинайды."

4. 4-баптың бірінші абзацында "өзге де орталық атқарушы" деген сөздер

"мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын.

5. 7-бапта:

екінші абзацта "бөлімшелері" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "өзге де орталық атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын.

6. 8-бапта:

бірінші бөлімде:

"бөлінген қаржы шегінде өзінің аумақтық бөлімшелерінің желісін құрады" деген сөздер алып тасталсын;

"оларға" деген сөз "өзінің аумақтық органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлімде:

"бөлімшелері" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

"статистикалық" деген сөз "Статистикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлімде:

"нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

"бастапқы есеп пен" және "мен жүргізу" деген сөздер алынып тасталсын;

"заңды" деген сөзден кейін "және жеке" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлімде:

екінші абзацтағы "орталық атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"статистикалық қызмет жүргізетін" және "салалық" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзацта "қаулылар мен нұсқаулар" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілер" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 9-бапта "мемлекеттік әкімшілік тізілімі, салық қызметінің деректері және басқа да ақпарат көздері негізінде аумақтық бөлімшелер" деген сөздер "әділет органдары, салық қызметі беретін және өзге де көздер табыс ететін ақпарат негізінде аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. Мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

"9-1-бап. Елді мекендерде әр шаруашылық бойынша есепке алу

Әр шаруашылық бойынша есепке алу елді мекендерде тұратын жеке тұлғалардың ауыл шаруашылық қызметі көрсеткіштерінің әр шаруашылық бойынша кітаптарда тіркеу жазба жасау нысанындағы бастапқы есебі болып табылады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі әр шаруашылық бойынша есепке алу ж ұ м ы с ы н ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Уәкілетті орган әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізуге әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады және осы есептің деректерін тиісті статистикалық көрсеткіштерді түзу үшін пайдаланады."

бірінші абзацта "аймақтық бөлімшелері" деген сөздер "аумақтық органдары" деген сөздермен, "статистикалық" деген сөз "Статистикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацта "статистикалық" деген сөз "Статистикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"мемлекеттік статистикалық байқау бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге;

Мемлекеттік статистикалық тізілім жүргізу үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдар құрайтын жиынтық статистикалық деректерді қайталамайтын статистикалық деректерді түзу үшін мемлекеттік органдардан бастапқы статистикалық ақпаратты, сондай-ақ орындайтын функцияларына орай оларда болатын басқа да ақпаратты алуға;

есеп беретін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерде бастапқы және статистикалық есепке алудың жолға қойылуына байқауды жүзеге асыруға; мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жекелеген статистикалық жұмыстар

жүргізуді белгіленген тәртіппен қаржыландыруды жүзеге асыруға."

10. 11-бапта:

бірінші абзацта "аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "статистикалық" деген сөз "Статистикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта "статистикалық есептілік" деген сөздер "статистикалық нысандар" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. 12-бапта:

тақырыбында "өзге де орталық атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөлімде:

бірінші абзацта "орталық атқарушы органдар" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацта "салалық" деген сөз "ведомстволық" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "салалық" деген сөз "ведомстволық" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"өз құзыры шегінде мемлекеттік органдардан орындайтын функцияларына орай оларда болатын ақпаратты статистикалық деректерді түзу үшін алуға;

екінші бөлімде:

бірінші абзацта "орталық атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен, "есептілік" деген сөз "қызметті" деген сөзбен ауыстырылсын;
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жүргізілетін статистикалық байқау бағдарламаларын уәкілетті органға келісуге және бекітуге ұсынуға міндетті.";

1 2 . 1 4 - б а п т а :

тақырыбында "және материалдық-техникалық қамтамасыз ету" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Статистиканы жетілдіру

бағдарламаларына, Статистикалық жұмыстар жоспарларына және жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік нысандары тізбелеріне сәйкес мемлекеттік статистика органдары орындайтын статистикалық жұмыстар республикалық бюджеттен қаржыландырылады.";

екінші және үшінші бөліктері алынып тасталсын.

13. Тараулардың "I, II, III, IV" деген цифралары тиісінше "1, 2, 3, 4" деген цифралармен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.